КМҚК «Алпамыс» бөбекжай бақшасы

# Кеңейтілген ұйымдастырылған іс-әрекеті:

# «Менің Отаным-Қазақстан!»

**Тәрбиеші: Тулегенова Г**

**Тобы: «Жас ізденімпаз» мад тобы**

**2023-2024 оқу жылы**

**Күні: 14.12.2023 жыл**

**Тақырыбы: «Менің Отаным – Қазақстан!»**

**Мақсаты:** Балаларды Отанды сүюге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыруға тәрбиелеу. Сөйлеу мәнерін қалыптастырып, қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап берулерін қадағалау.

**Көрнекіліктер:** Қазақстан Республикасы президентінің портреті, Қазақстан Республикасының туы, елтаңбасы, әнұраны, додокаедер, лулия кітапшалар.

**Әдіс-тәсілдері**: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, шығармашылық ойынды-тапсырмалар.

**Барысы:**

- Балалар, біздің бүгінгі іс-әрекетіміз ерекше болмақ..Өйткені алдымызда 16 желтоқсан «Тәуелсіздік күні» мерекесі жақындап келеді. Яғни біздің тәуелсіздік алған күніміз. Біз бақытты бақыттымыз, зайырлы мемлекетте тұрамыз. Балабақшаға білім аламыз, демалу үшін арнайы ойын-сауық жерлерге барамыз, әдемі киімдер киеміз. Өйткені біз тәкуелсіз елде тұрамыз.

Қазақстан Республикасының гимні орындалады.





Тәрбиеші: Қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: Қыс.

Тәрбиеші: Дұрыс, қыс. Қыс айларын атайық.

Балалар: Желтоқсан, қаңтар, ақпан. Қыс бізде 3 ай қонақта болады.

Тәрбиеші: Кім айтады біздің еліміз қалай аталады?/ Қазақстан

-Мемлекетіміздің президенті кім?

-Қасым Жомарт Тоқаев Кемелұлы

-Ал, мен сендерге жұмбақ жасырайын,шешеміз бе?

Алтын күн аспаны

Алтын дән даласы

Айтатын Әнұран

Қай елдің баласы (Қазақ елінің баласы)

Еліміздің тірегі,

Жеріміздің жүрегі

Бас қаланың есімін,

Қане кім біледі? (Нұрсұлтан)

Қос пырағым қос қанат,

Шаңырағым күн менің

Шолпан жұлдыз маңдайда.

Елтаңбам ғой бұл менің (Қазақстан мемлекетінің Елтаңбасы)

Көк аспанның түсі бар

Ортасында күні бар.

Қыран ұшқан қалықтап ,

Кімнің туы біліп ал. (Қазақстан мемлекетінің Туы)

Есімізге түсірейікші Туымыздың түсі қандай?

Мынасуретте не бейнеленген?

Балалар: Ту. Көк.

Көкашықаспандыбілдіреді. Қыранқұс-еліміздің тыныштығы мен тәуелсіздігініңбелгісі. Ою-өрнек қазақхалқыныңөнерінің, шеберлігініңбелгісі. Балалар ал мынау не?

- Елтаңба.

.БұлҚазақстанРеспубликасыныңЕлтаңбасы.

Шаңырақ-Қазақстан аттыүйіміздіңжарықтүсетінсаңлағы. Арғымақ-еркіндіктіңбелгісі. Масақ- тоқшылықтыңбелгісі. Жұлдыз-жолсілтеушіжарықбелгі.

Балалар топтарға бөлініп, ойынды-тапсырмаларды орындайды.

**1-топ**: Күннің суреті бейнеленген су құйылған банкаға көк түсті бояуды араластырып, тудың бейнесін шығару.



**2-топ**: Лулия шеңбері бойынша айналдыра отырып, суреттің бейнесін құрастыру.





Додокаедермен сұрақ-жауап ойыны

Додокаедерді бір-біріне домалатып, онда ненің суреті екенін әңгімелеп береді.







**Хор. «Менің Отаным –Қазақстан!**